

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім
бөлімінің «Шапағат» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
нәтижелерін жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Қайрат ауылы

16.06.2025 жыл

Өткізілген орны: Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қайрат ауылы Абай көшесі № 2 «Шапағат» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, бөбекжай-бақшаның педагог және кіші қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтаманы жария талқылау.

Тыңдалды: «Шапағат» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі М.Есимова Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

Сөз сөйледі: «Шапағат» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Есимова Майна Рашидовна – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы 410- V ҚР Заңының 8-бабының 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №26 бұйрығына және Жамбыл облысы әкімдігінің

білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шапағат» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2025 жылы мамыр маусым аралығынада 2024 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізілетінін хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шапағат» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау-объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

Комиссия 2025 жылдың 15 мамырдағы № 37 бұйрығына сәйкес құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаумен қамтылатын кезең:

2024 жыл

ШЕШІМ:

Жария талқылау хаттамасы интернет желісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:

Әдіскер:



М.Есимова

Г.Аманова